


• АСЫЛ МҰРА




Ен салдым
 белгі қылып
 қаракерге,
Айқайлап талай шаптым
 талмалы өрге.
Мырзалар, ұят қайда,
 ынсап қайда,
Түбінде бір түсерсің қара тер-
ге, - деп төгілте жырлаған.

Қақпан ақын ашаршылықтың зобалаңына ілігіп, жер ауып, сонау Қызылжар (Петрпаул) асып, 74 жасында сол жақта дүниеден озған. Қақпан ақынның домбырасы бар екен дегенді жеткізуші Әміржан мен Әділ. Ертеңгі сегізде атқа қонып, Айғыржалдан Әміржан мен Боранбайды ертіп, шай-пайға қарамай аттандық. Әділ Жәйрем жаққа жол жүріп кеткен екен. Бетіміз - Ортау, Босаға. Көңіл күпті. Атылып кеткен Әбди мен Сембектің домбырасы менің үйімде тұр. Іздегенімді тауып, елден алып та жүрмін. Мәселім қайтқан емес. Дегенмен, кім біледі? Таныс та адамым емес.

Қырықтың жуан ортасына шыққан Серікбек Қасқатайтегі шын пейілімен төрге оздырды. Аңсарбегі әлгінде сәлем берген, мектеп жасындағы Айбаласы үстел жасап, көрпе төсеп жүр. Аты - жөнімізді айттық. Әміржан мен Боранбай ескі таныстары екен.

- Сізді сырттай білеміз. Өттең, кітаптарыңыз қолға түспейді,- деп екінішін де айтып қалды үй иесі Серікбек.

- Құр алақан қалмассың,- деймін жарық көрген он бес кі-



келеді екен. Екеуі де Шортанбай жыраудың алдын көрген адамдар. 1931 жылы Қақпан ақын белсенділерден қыспақ көрген. Оның да азын-аулақ малын тартып алған. Сонда:

Сұп - суық Файзуллиннің түрі
 шұбар,
Аупартком бес ешкіме
 болды құмар.
Шешек шығып, құрт жеген
 кейіпіндей,
Ішіне бұл хатшының
 пәле тұнар,
-деген екен ақын Қақпан.

Елден кетуге бет алған, 70 жас-тан асқан қарт ақын өзімен сыйлас болғандармен қоштаса жүріп, осы Балапан еліне де келген. Қоштасарда оны қимаған жұрт:

- Қақа, енді сіздің мына домбыраңызға кім ие?- деп сұраған - екен.

- Жекен қайда? Жекенге берем,- деп, отыздан асқан, әнші-домбырашы атағы шығып жүрген Жекеннің қолына домбырасын

табымның екі-үш нұсқасын ала келгеніме іштей қуанып.

Бұл қысқа ғұмырда қазақтың жоғын табудан, барын баянды етуден артық ештеңе жоқ екенін тілге тиек етеміз. Онымызды құптап, Серікбектің өзі де талай әңгімені өрбітті. Кезінде өзі де ән салған домбыра шерткен. Әңгімені айта отырып, тыңдап та үлгеріп, төрт қабырғаға көз салам. Кіреберісте жалғыз қамшы тұр. Домбыра көрінбейді. Іштей "Япыр-ай, ә" деген беймаза хал. Көне домбыраны біреу алып кетті ме, әлде сынып...Күптілік көбейе түскен. Шайдың да соңына іліктік. Үйімде бес түрлі домбыра, он екі түрлі қамшы барын сөз ете отырып.осы Серікбекте сақталған деген Қақпан ақынның домбырасын көрсек деген ниет білдірдік.

- Өкел, домбыраны,- деді үй иесі.

Көңіл толқып кетті. Сұлу жасалған, сүйріктей қоңыр домбыраны іштей дұға оқып қолыма ала бердім. Қазақтың тоғыз перне таққан көне домбырасы. Тоғыз пернеден ғасыр-ғасырдың ар жағындағы көне сарын шығады-ау. Ендігінің көп пернеге үйренген домбырашысы оны шерте де алмайды. Тиегі мен ішегі, бір құлағы жоғалыпты. Түбіне жарық түсіп, тесіліпті.

- Былтыр кергенімде бәрі бар еді,-деп өкінді Әміржан.

Бәрі де орнына келер.бұл күнге аман жеткенін айтсайшы деп өзімді жұбатамын. Көне домбыраның күмбір-күмбір үнінен Қақпан ақынның дауысын да естігендей болармын әлі де домбыра менің қолыма өтеріне күптімін.

Көне домбыра отызыншы жылдардың басында Серікбектің әкесі Қасқатайұлы Жекеннің қолына тиіпті. Бес Мейрамның баласы түгілі қазақтың сары даласының талай түкпірін кезген Қақпан ақын өзінен жасы үлкен болса да сырлас Тойымбек серінің аулына жиі

ұстатыпты. Сол кезде осы маңның тойы Жекенсіз өтпейді екен. Отызыншы жылдардың лаңы басталмастан бұрын аңшылықпен, серілікке бет бұрған Жекеннің үйіне Арқаның осы өңірінің сан жақсысы ат басын тіреген. Жә-кеңнің Сәкен Сейфулинмен түскен-сан суреті де болыпты, уақыттың қиын тұсында бұл суреттерді жоюға тура келген.

Тіпті, Жекен жаңа шаңырақ көтерген жас шағында осы үйге ел аралап, өнер көрсеткен Балуан Шолақ та қонақ болған. Жас келіншегі Бибізия, Жидабай батырға жақын, Әлтеке қызы, бірде бір түн отырып, Балуан Шолаққа көйлек-дамбал тігіп бергенін кешегі көнеқұлақ көриялар ұрпаққа жеткізген.

Отызыншы жылдары басталған қатігез заман Жекеннің де өнеріне тұсау салған. Колхозшы, сол колхоздың бидай қоймасының кілтшісі. Азықтан азап шеккен ағайынға қарайласатын ер көңілдігі де бар. Сонысы үшін үстінен арыз түсіп, ГПУ-дің қан-шеңгел бастығы Тондықұловтан құтылуы өз алдына бір хикая.

- Ардақтыны ардақтай алған елміз ғой,- дейді Серікбек. Кенесарының балуандарын жығып, енді өзімен күресерде "Ханның жағасына жармасар еумесер емеспін" деген Шоң да осы маңда өмір кешкен.

Бұл сөзді естігенде ер-азаматын қасиет тұта білген дана қазақты аңсаған көңіл тағы толқыған. Осындай ел ғой, Қақпан ақынның көзіндей болған домбыраны сақтаған.

- Біз сақтап бақтық. Іздегеніңіз алдыңызда, енді бұл домбыраның иесі сіз боласыз,- деп түйген Серікбек.

Ауыл іргесінде тұрған Тойымбек серінің мазарына барып дұға оқыдық. Әттең, сері мазарының іргесінен көктасын таппадық.

Кәмел қажы ЖҮНІСТЕГІ.